

2. Шевченко Е.М. Аудирование как вид речевой деятельности //Ответственный редактор. – М., 2015. – С. 152-156.
3. Мосолова Е.М. Проблема аудирования на уроках иностранного языка как вида речевой деятельности //Психология и педагогика: современные методики и инновации, опыт практического применения. – М., 2015. – С. 70-79
4. Зайцева С.Е. Методика обучения аудированию //Инновационная наука. – М., 2017. – №1-1. – С. 78-90.
5. Michael Rost, C N Candlin Routledge. Listening in Language Learning. - Routledge; 2014 P. 232-233
6. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 21 января 2016 года № 52. «Об утверждении критериев оценки знаний обучающихся»
- 7 А.А.Бондарева. CEFR как измеритель языковой компетенции. - №6 (167) август 2017. г.Алматы.
- 8 Richards, C. J. (2008) 'Teaching Listening and Speaking' from Theory to Practice, Cambridge University Press.
9. Мосолова Е.М. Проблема аудирования на уроках иностранного языка как вида речевой деятельности //Психология и педагогика: современные методики и инновации, опыт практического применения. – М., 2015. – С. 70-79.

**Маратова Д.А.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, МПОБ1, магистрант  
(*Научный руководитель — д.п.н., профессор Тажигулова Г.О.*)

### **КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ**

Бүгінгі заманда кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мындаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау кезек күттірмейтін талап. Кәсіби білім берудің негізгі мақсаты сәйкес деңгейдегі мамандандырылған қызметкерлер дайындау, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білікті, жауапкершілігі бар, өз мамандығын еркін меңгеретін, мамандығы бойынша дүниежүзілік стандарт деңгейіндегі тиімді жұмысқа қабілетті, ұдайы кәсіптік өсуге дайын мамандар даярлау [1].

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда техникалық және кәсіптік жүйесіндегі педагогикалық озық тәжірибе жетістіктерін іске асыру, колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамыту проблемалары өзекті болып табылады.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты: колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын теориялық негіздеу және эксперименталды тексеру.

Зерттеу объектісі: колледж студенттерін даярлау.

Зерттеу пәні: колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамытуда жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру және мазмұны.

Зерттеудің мақсаты келесі міндеттерін құруға мүмкіндік берді:

колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамытудың ғылыми педагогикалық негіздерін талдау;

колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын айқындау;

колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамытуда жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жасап, оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ көлік саласы мамандарын даярлауын жетілдіру олардың қызмет құрылымындағы өзгерістерді талдаудан, мамандардың біліктілік сипаттамалары мен лауазымдық нұсқаулықтарын зерделеуден, кәсіптік жобалаудың аймақтық ерекшеліктері мен даму болжамдарын есептеуден тұрады.

Колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін жобалық іс-әрекеттерін жетілдіру моделін әзірлеу үш деңгейде жүзеге асырылды: тұжырымдамалық, мамандықты меңгеру логикасын есепке алатын; технологиялық, жобалау қызметінің негіздерін оқыту стратегиясын есепке алатын; жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес оқыту жүйесін ұйымдастырудың құрамдас құрамы мен ерекшелігін есепке алатын әдістемелік.

Студенттерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру моделі - студенттердің түсініктік білімдерді меңгеруіне, жүйелі кәсіби ойлау компоненттерін мақсатты

қалыптастыруға, күрделі техникалық объектілерді жобалау әдіснамасын меңгеруге, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған.

Студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін жобалық іс-әрекеті белгілі бір компоненттердің тізбектерімен, атап айтқанда қажеттілікпен, уәжмен, мақсатпен, құралдармен, әрекетпен және нәтижемен жүзеге асырылады.

Жобалық іс-әрекет құрылымында мынадай компоненттер бөлінеді:

1) жобалық қызметті жүзеге асыруға қажеттілік (қоғамның даму деңгейіне, сондай-ақ олардың қызметінің ерекше әлеуметтік жағдайларына байланысты, олар нақтыланады, дәлелді түрде айқындалады);

2) жобалау қызметіне итермелейтін себептер (жобалық қызмет не үшін жасалады, мақсатты айқындауды негіздейді);

3) мақсатты болжау (жобалық қызмет шеңберінде мақсат субъектінің өзі ғана анықталады);

4) мақсатты орындау (жобалық қызмет үшін өзінің ерекше мазмұнымен, нысандарымен, әдістерімен және құралдарымен толтырылады);

5) Өзін-өзі ыңталандыру (субъектінің жобалық қызметін реттеуді болжайды және ақпараттық үдеріс болып табылады).

Зерттеу аясында жобалау іс-әрекетіне дайындық деп техникалық объектілерді жобалаудың әртүрлі деңгейлерінде және сатыларында жұмысты тиімді орындауға мүмкіндік беретін маманның білім, білік, дағды және кәсіби маңызды сапалары жүйесі түсініледі. Дайындық деңгейі - бұл дайындықтың нақты құрылымының және оның негізгі компоненттерінің белгіленген нормаларға, талаптарға, білім беру стандарттарына сәйкестігі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: колледж студенттерінің шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында жобалық іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтитын 1202000 «Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікті қозғалысты басқару (салалар бойынша)» мамандығына арналған «Автомобиль құрылымы» электронды оқулық жобаланып, енгізілді. Студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуды қамтамасыз ететін жобалық қызметті ұйымдастыру мақсатында әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу міндеттерін шешу бағытында біз 1202000 «Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікті қозғалысты басқару (салалар бойынша)» мамандығының жұмыс оқу бағдарламаларын талдадық.

Колледж студенттерін өндірісте жұмыс жасауға даярлағандықтан, олардың білім жүйесінің мазмұны қолданбалы сипатта құастырылады.

Біз студенттердің жобалау іс-әрекетіне дайындау мақсатында «Автокөлік құралдарын пайдалану» пәні бойынша жоба жасауды ұсындық. «Автокөлік құралдарын пайдалану» курсының міндеттері болашақ мамандарының автокөлік құралдарын пайдаланудағы техникалық күйінің өзгеру себептері; автокөлікке техникалық қызмет көрсетуде және жөндеуде құралдарды қолдану; автокөліктің байланыстары мен агрегаттарын диагностикалауда құрал – жабдықтармен жұмыс істеуде тиімді бағыттарын анықтау және т.б. жайлы білімдерін тереңдету.

Жоба әдісін практикалық сабақтарда, зерттеу, үйірме жұмысында, студенттік конференцияларға және т. б. дайындау кезінде қолдануға болады.

Біз зерттеу міндеттерін шешу мақсатында жоба тапсырмасын студенттерге ұсындық.

««Автокөлік құралдарын пайдалану» пәні бойынша тәжірибелік сабақтардағы жобалау қызметінің I ші үлгісі»

Жоба тақырыбы: «Майлау жүйесінің ақаулары және оларға техникалық қызмет көрсету»

Жобаның мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға майлау жүйесі ақаулары және техникалық күтім түрлері мен олардың маңызын түсіндіру.

Дамытушылық: Ақыл-ойын дамыту, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру.

Тәрбиелік: Мамандығына қызығушылығын оятып, пәнге сүйіспеншілігін арттыру.

Жоба міндеттері:

жобаны орындауға қойылатын талаптарды зерделеу;

бастапқы талдау және жоспарлау;

ақаулықтар сипаттайтын бар жағдайларды талдау;

жиналған ақпараттарды жүйелендіру;

жобаны қорғау.  
 Оқыту нәтижесі.  
 Құзыреттіліктерді қалыптастыру:  
 Коммуникативті - тиімді өзара әрекеттесу және жобаны қорғау;  
 Танымдылық - мақсатты болжау, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау әдістерін меңгерген;  
 Ақпараттық - ақпаратты жинау мен өңдеудің заманауи құралдарын меңгеру, ақпаратты жүйелендіре алады;  
 Пәндік – автокөлік құрамдық бөліктерін біледі.  
 Жобалау кезендері (1 кесте).

1 Кесте  
 Жобалау кезендері

Жобалау іс-әрекеттерінің кезендері	Оқытушы әрекеттері	Жобаға қатысушылардың іс-әрекеттері
Іздеу кезеңі: - тақырыпты өзектендіру; - проблеманы айқындау; - қою бойынша жұмыс жобалау қызметінің мақсаттары; - қызмет кезендерін бөліп көрсету; - күтілетін соңғы өнім	1. Жоба тақырыбын ұсынады 2. Оқушылардың мотивациясын талқылау. 3. Үдерісті бақылайды, мәселені қалыптастыруға көмектеседі. 4. Кеңес береді, қажет болған жағдайда түзетеді	1. Тақырыпты талқылау. 2. Мәселелерді ашып көрсету болып табылады. 3. Қайшылықтар іздейді. 4. Жобаның мақсаты (майлау жүйесіндегі ақаулар түрлерін шешу жолдарын анықтау үшін техникалық тапсырманы әзірлеу) 5 жобалау кезендерін анықтайды
Талдау кезеңі: - қызмет кезендерін бөліп көрсету; - ақпаратты іздеу; - критерийлерді белгілеу нәтижені бағалау; - ақпаратты талдау	1. Тақырыптар бойынша бөледі. 2. Ақпарат көздерін таңдауға көмектеседі. 3. Ақпаратты іздеу үдерісін бағыттайды. 4. Мақсатты түзетуге көмектеседі	1. Қажетті материалдарды іздеу, зерттеу, жүйелеу (нормативтік және анықтамалық әдебиет, интернет ресурстар). 2. Бастапқы деректерді талдайды. 3. Іс-әрекеттерді жоспарлау. 5. Аралық нәтижелерді өзін-өзі бағалау. 6. Сценарийді талқылау, жобаны қорғау
Практикалық кезең: - Майлау жүйесінің негізгі ақауларын атап оның шешу жолдарын анықтау үшін техникалық тапсырманы құрастыру	1. Оқушыларды құрал жабдықтардан пайдалануды қадағалау. 2. Оқушыларға техника қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. 3. Оқушылардың атқарған жұмыстарын дұрыстығын тексеру 4. Сабақ бойынша оқушыларды сабақ барысында жіберген қателіктерін көрсету.	1. Майлау жүйесіндегі ақаулар түрлерін белгілейді: -май қысымының жоқтығы; -өтелген газдардағы көгілдір түтін; -май қысымын көрсеткіш ( монометр) ақаулары; -май өткізгіштерден майдың ағуы; -май қабылдағыштың торы бітелген; -май қабылдағыш торын жуып-тазарту; Белгілер бойынша ақаулықты анықтау. 2. Аралық бағалау. 3. Кеңес алу. 4. Нәтижені рәсімдеу
Қорытынды кезең: - жобаны қорғау (презентация, кеңес беру); - нәтижелерді талдау; - қорытынды шығару	1. Презентацияны ұйымдастырады. 2. Сарапшы рөлінде болады	1. Жобаның презентациясын дайындайды және өткізеді (баяндама, көрнекілік пәні). 2. Жоба нәтижелерін талқылауға қатысады. 3. Қорытындайды

Пәнаралық байланыстар: «Қалыптау үдерістері және құрал-сайман», «Техникалық механика», «Технологиялық жабдықтар»


Әдістемелік қамту:

1. бөлшектер сызбалары
  2. «Автокөлік құралдарын пайдалану» пәні бойынша электрондық слайдтар жиынтығы»
  3. «Автомобиль құрылымы» пәні бойынша электронды оқу құралы
- Электрондық ресурстар: systemsauto.ru

Жобалық қызмет нәтижелерін бағалау.


Қосымша деректер ұсыну мақсатында «Автомобиль құрылымы» атты электронды оқулық жобаланды (1 сурет). Мақсаты: алуан түрлі материалдарды ұсыну бойынша студенттердің білімдерін жетілдіруге, оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндіктерін береді.

Бұл әзірлемелерге оқу материалы мен оны зерттеу технологиясы салынады. Белсенді оқыту ортасы элементтерінің дидактикалық бағыты анық: оқу ақпаратын меңгеру бойынша өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыра отырып, білім алушыға өз қызметін түзетегін тұрақты өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [2].




1 сурет - Электронды оқулықтың басты беті

Электронды оқулықта түрлі автокөлік құрамына кіретін тораптар суреттері келтірілген. Мәселен, жобалық тақырып қажет деректерде бар (2 және 3 суреттер )



2 сурет. Автокөлік құрамына кіретін тораптар туралы деректер



3 сурет. Автокөлік құрамы туралы бейнематериалдар

Ұсынылған әдістеме бойынша жоғарыдағы оқу материалдарының көмегімен студенттердің арнайы білім, білік, дағдылары оқу үдерісі барысында және өздік жұмысын ұйымдастырудың нәтижесінде қалыптасып, олар студенттердің өз бетімен білім алуын, өздігінен жетілуін қамтамасыз етеді. Сонымен, жоғарыда аталған оқу курстарын оқып-үйрену нәтижесінде студенттер келесідей білімдерді игереді: көлікпен тасымалдаудың концептуалды негіздерін; тасымалдауда жаңа технология түрлерін, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін.

Оқытудың негізгі мақсаты – әрбір студентке терең білім берумен қатар, практикалық білік пен дағдыны қалыптастыру. Берілген мәселені табысты шешу үшін, белгілі бір деңгейде студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың қолайлы шарттарын жасау кәсіби іскерлік құзыреттілікті қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 тамызда № 9705 тіркелді. - [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14H09705\\_3](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14H09705_3)

2. Тәжіғұлова Г.О., Шрайманова Г.С, Казимова Д.А., Ахметжанова Г. Разработка элементов активной обучающей среды для естественно-научных дисциплин// Форум. Серия: Гуманитарные и экономические науки, №4(20). -2019.– С.9-13.

**Марченко М.П.**, Карагандинский государственный технический университет, факультет инновационных технологий, гр. ВТМ-19-1, магистрант  
(Научный руководитель – магистр т.н., Сницарь Л.Р.)

### СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК

В современных условиях образовательное учреждение – это второй по значимости после семьи, а в ряде случаев главный, институт формирования личности человека.

Современная школа представляет собой социально и личностно развивающую, образовательно-воспитательную систему, создающую условия для социального становления человека, развития разносторонней, творческой личности, включенную в систему общественных отношений.

Помощь социальным аутсайдерам – главное направление социального воспитания. Семьям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, особенно нужна квалифицированная педагогическая помощь. Педагоги образовательного учреждения также отвечают за процессы формирования системы ценностей детей. Образовательное учреждение приобретает все большее значение в вопросе воспитания по сравнению с семьей.

Проблемы общественного воспитания изучает социальная педагогика. В настоящее время соответствующая функция в школе закреплена за социальным педагогом.